**«Сарыжар ЖОББМ» КММ 2024-2025 оқу жылындағы «Еңбегі адал жас өрен »**
**жобасы бойынша мектепішілік бақылау анықтамасы**

Сарыжар ЖОББМ-де 2024-2025 оқу жылында Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында, білім алушылардың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру және еңбекқорлық идеясы арқылы құндылықтарды дәріптеу мақсатында «Енбегі адал жас өрен» жобасы құрылды. Жоба жетекшісіне мектеп психологі Н.К.Отеген бекітілді. Жобаның мақсатын іске асыру үшін оқу жылына раналып жоспар құрылды. Жоспар сай іс-шаралар өз мәнінде жүргізілді. Жоспар бойынша 1-11 класс оқушылары арасында алтын күз мерекесіне орай «Күзгі асар» жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Жәрмеңкеге оқушылар әртүрлі тағамдар және күзде пісетін көкөністер мен жемістерден жасалған ас мәзірлерін ұсынды.

Қараша айында «Мамандықтар әлемі» тақырыбында 9-11 сынып оқушыларымен танымдық сабақ өткізілді. Сабақ барысында оқушылар қазіргі таңдағы сұранысқа сай мамандықтармен танысып, өз ойларымен бөлісті.

Қаңтар айында оқушыларға кәсіби бағдар беру мақсатында «Жайсаң көпсалалы колледжі» мамандары келіп оқушылармен кездесу өткізді. Кездесу барысында оқушылар аспаз, шаштараз, дәнекерлеуші, суретші, сылақшы сияқты мамандардың жұмыстарымен танысып, өздерінің қызығушылықтары бойынша сұрақтарын қойып, оларға тұщымды жауаптарын алды.

Жыл бойына «Мамандықтар марафоны» аясында 9-11 класс оқушыларымен «Ақтөбе қаласындағы техникалық колледжі» және «Болашақ» колледжі , сонымен қатар т.б колледждерден мамандар келіп ақпараттық- түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Мектеп оранжереясында «Жер сағаты» экологиялық акциясы ұйымдастырылды. Акция барысында оқушылар экологиялық мәселелер туралы айтылып, бұл мәселелерді шешу жолдарын ұсына білді.

Класс жетекшілер өздерінің сынып сағаттарында «Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» айы құндылығы аясында «Еңбек түбі –береке» тақырыбында сабақтар өткізіп, оқушыларды еңбекті бағалауға және еңбексүйгіштікке , шаруақорлыққа, үнемді болуға шақыра білді.

Жалпы «Еңбегі адал жас өрен» жобасы бойынша жоспарға алынған іс-шаралар өз мәнінде орындалған. Жоспар бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілген.

Ұсыныс: «Еңбегі адал жас өрен» жобасы бойынша орта буындағы кластармен де мамандық таңдауға байланыстар жұмыстар жүргізу.

ДТІЖО: Г.Т.Убайшанова